


## XIII тарау

# АЛЬДЕГИДТЕР МЕН КЕТОНДАР


### 1. Анықтамасы, жалпы сипаттамасы

Кұрамында карбонил тобы  $\text{C}=\text{O}$  бар қосылыстар оксоқосылыстар деп аталады.

Егер карбонильдік көміртек атомы бір валенттілігімен алкил радикалымен R, екінші валенттілігімен сутек атомымсın байланысса, ондай қосылыстар **альдегидтер** деп аталады:



Ал карбонильдік көміртек атомы скі валенттілігімен дс алкилмсın R байланысса, ондай қосылыстар **кетондар** деп аталады:



Алдегидтер мен кетондарды басқаша карбонильді қосылыстар деп атайды.

Алдегидтер мен кетондардың химиялық қасиеттері өте ұқсас (оның себебі бірдей функционалдық топтың C=O болуы), сондыктан оларды бір қластың қосылыстары ретінде бірге қарастырамыз. Қаныққан альдегидтер мен кетондардың гомологтық қатарының жалпы формуласын  $\text{C}_n\text{H}_{2n}\text{O}$  арқылы сипаттауға болады.


### 2. Изомериясы және номенклатуrasesы

Альдегидтердің изомериясы көміртек қанқасының құрылымына байланысты.

Альдегидтер үшін көбінесе тривиалды атаулары қолданылады: олар өздеріне сәйкес карбон қышқылдарының атына **альдегид** деген сөз қосылып аталады.

Мысалы: құмырса (формальдегид), сіркс (ацетальдегид), пропион, май, валериан, т.б. альдегидтері.

ИЮПАК номенклатуrasesы бойынша сәйкес алканның атына **-аль** жалғауы жалғанады. Нөмірлеу әрдайым карбонильдік көміртек атомынан басталады:




пропаналь

2-метилпропаналь

2-метил-2-бутеналь


Егер альдегидтік топ өзінен үлкен топтар болғандықтан негізгі тізбеккес кірмесе, ол формил жүрнағымсın (префикс) белгіленеді. Мысалы:




2-формилбутан қышқылы

Кетондардың изомериясы екі факторға – көміртск қаңқасының құрылымына және карбонил тобының орнына байланысты.


Рационал номенклатура бойынша кетондардың аттары карбонил тобымен байланысқан радикалдардың аттары мен **кетон** сөзінен құрадады. ИЮПАК номенклатурасы бойынша сәйкес алканның атына **-он** жалғауы жалғанды. Нөмірлеуді карбонил тобы жақын шетінен бастайды:



метилятилкетон (бутанон-2)




диэтилкетон (пентанон-3)



метильтитрекетон (гексанон-2)

Егер карбонил тобы өзінен үлкен топтар болғандықтан негізгі тізбекке кірмесе, **оксо-** жүрнагы арқылы белгіленеді:




4-оксонентан қышқылы


### 3. Алу әдістері

#### 1) Спирттерді тотықтыру (дегидрлеу):

Біріншілік спирттерден альдегидтер:




Екіншілік спирттерден кетондар алынады:




Тотығу оңай жүреді, бірақ түзілген оксоқосыныстарды реакция ортасынан жылдам алып кету керек. Себебі, олар жылдам тотығатындықтан, ары қарай тотығып кетуі мүмкін.

Мыс катализаторы қатысында және жоғары температурада бұл айналымды оттексіз де жүргізуге болады:




2) Органикалық қышқылдардың (Ba, Ca, Mn, Th) түздарын қыздырып ыдырату (пиролиз):



3) Органикалық қышқылдардың хлорангидридтерін сутекпен тотықсыздандыру:




4) Алкиндерді гидраттау арқылы (Кучеров реакциясы). Процесс Марковников ережесі бойынша жүреді:




5) Көмірсүтектердің дигалогентұндыштарын гидролиздеу.


Екі галоген шеткі көміртек атомында болса альдегидтер:



Ортаңғы көміртек атомында болса кетон түзіледі:




6) Оксосинтез. Алкендерді гидроформильдеу – бұл әдіс бойынша альдегидтер алкендерге көміртек оксиді мен сутек қоспасын (синтез-газ) қосу арқылы алынады:



#### 4. Физикалық қасиеттері

Альдегидтер мен кетондардың молекулаларында карбонил тобындағы қос байланыстың электрон тығыздығы ( $\pi$ -байланыстың қозғалыш электрондары) электртеристігі өте жогары оттек атомына қарай ығысқан. Нәтижесінде карбонильдік көміртек ішінәра он, ал оттек атомы теріс зарядқа ие болады. Осыған сәйкес көрші көміртек атомдарының да электрон тығыздығы ығысады:



Осыған байланысты, альдегидтер мен кетондар полярлы қосылыштар және олардың түгелдей дерлік физикалық және химиялық қасиеттері молекулада электрон тығыздығының осылайша таралуына байланысты.

Теменгі өкілдері суда шексіз ериді (құмырска, сірке альдегидтері, ацетон), жоғарғы альдегидтер мен кетондар органикалық сріткіштерде (спирт, эфир, т.б.) жақсы ериді.

Сәйкес спирттермен салыстырғанда қайнау температурадары әлдесқайда төмсн, оның себебі альдегидтер мен кетондарда сутектік байланыс жоқ (17-кесте).

17-кесте

Альдегидтер мен кетондардың физикалық қасиеттері

Атауы	Формуласы	$t_b, ^\circ\text{C}$	$t_g, ^\circ\text{C}$	$d_4^{20}$	$n_D^{20}$
Формальдегид	$\text{H}_2\text{C=O}$	-92	-21	-	-
Ацетальдегид	$\text{CH}_3\text{CHO}$	-122	21	0,7812	1,3312
Пропион альдегиді	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CHO}$	-81	49	0,8068	1,3636
Май альдегиді	$\text{CH}_3(\text{CH}_2)_2\text{CHO}$	-99	76	0,8174	1,3843
Изомай альдегиді	$(\text{CH}_3)_2\text{CHCHO}$	-66	62	0,7942	1,3730
Валериан альдегиді	$\text{CH}_3(\text{CH}_2)_3\text{CHO}$	-92	103	0,8096	1,3944
Акролеин (пропеналь)	$\text{CH}_2=\text{CHCHO}$	-87	52	0,8410	1,3998
Бензальдегид	$\text{C}_6\text{H}_5\text{CHO}$	-26	180	1,0484	1,5456
Ацетон (диметилкетон)	$\text{CH}_3\text{COCH}_3$	-95	56	0,7921	1,3636
Метилэтоксикетон	$\text{CH}_3\text{COC}_2\text{H}_5$	-86	80	0,8054	1,3814
Метилпропилкетон	$\text{CH}_3\text{COC}_3\text{H}_7$	-78	102	0,8094	1,3895
Дигитилкетон	$\text{C}_2\text{H}_5\text{COC}_2\text{H}_5$	-42	103	0,8159	1,3885
Мезитил тотығы (4-метилпентен-4-он-2)	$(\text{CH}_3)_2\text{C}=\text{CHCOCH}_3$	-59	129	0,8580	1,4440
Бензофенон (дифенилкетон)	$\text{C}_6\text{H}_5\text{COC}_6\text{H}_5$	49	306	-	-
Ацетофенон (метилфенилкетон)	$\text{C}_6\text{H}_5\text{COCH}_3$	20	202	1,0256	1,5342


Төменгі өкілдерінің өткір иісі бар, C<sub>3</sub>–C<sub>6</sub> альдегидтерінің иісі жағымсыз (нашар), ал жоғарғы альдегидтердің иісі гүлдің иісі тәрізді, сондықтан парфюмерияда колданылады.

## 5. Химиялық қасиеттері


Бұл кластың қосылыстары, әсіресе альдегидтер, реакцияга өте бейім, алуан түрлі химиялық реакцияларға түседі.

### Қосылу реакциялары


Қосылу реакциялары, негізінен, –C=O тобының полярлылығына байланысты. Жоғарыда айтқанымыздай, карбонил тобының кос байланысы өте полярлы, сондықтан полярлы қосылыстармен әрекеттескенде оңай жай байланыска айналады:




Карбонил тобына қосылу **нуклеофильді қосылу** реақцияларына жатады. Реакция оң зарядты карбонильдік көміртектің нуклеофильді реагенттің бөлінбеген электрон жұбымен әрекеттесуінен басталады (баяу жүреді):




Келесі жылдам жүретін сатыда протон немесе басқа катион түзілген анионға қосылады:



Карбонильдік көміртектің оң заряды неғұрлым көп болса, соғұрлым нуклеофильді қосылу жәніл жүреді. Әр түрлі орынбасарлар карбонильдік көміртектің электрон тығыздығына әр түрлі әсер етеді. Айталық, электронакцепторлық орынбасарлар карбонильдік көміртектің электрон тығыздығын төмендетеді, яғни оның оң зарядын арттырады, осыған сәйкес нуклеофильді бөлшектің қосылуы жәнілдейді. Мысалы, трихлорсірке альдегидінде (хлораль) карбонильдік көміртектің оң заряды сірке альдегидіндегіге қараланда көп. Сондықтан хлоральде альдегидтік топ белсендірек:




Керісінше, электрондонорлық орынбасарлар карбонильдік көміртектің электрон тығыздығын арттырып, оң зарядын азайтады және қосылу реакциясын баяулатады. Алкил топтары электрондонорлық орынбасарларға жатады, сондықтан сірке альдегидіндегі құмырса альдегидінде қарағанда карбонильдік көміртектің оң заряды кемірек. Арил радикалының электрондонорлық қасиеттері одан да айқын, ароматты альдегидтер мен кетондардың аліфатикалық тенденстерінде қарағанда белсенділігі төмсн. Сонымен, карбонильді қосылыстарды белсенділігі кему бағытында мынадай катарға орналастыруға болады:



Карбонил тобының реакция қабілеттілігіне радикалдардың өлшемдері де әсер етеді: олардың көлемі үлкен болуы реагенттің карбонильдік көміртекке жақындаудың қыындауда. Мысалы, альдегидтік топ кетотопқа қарағанда шабуыл үшін оңтайлы, себебі, сутек атомы реагенттердің жақындауына азырақ кедері жасайды. Сондықтан, альдегидтер кетондармен салыстырғанда активтірек. Дәл осындағы себептермен ацикльды кетондарциклды тенденстеріне қарағанда баяуырап әрекеттеседі. Маңызды қосып алу реакцияларын қарастырайық.

**1) Сутекті қосып алу (тотықсыздану).** Альдегидтер біріншілік, кетондар екіншілік спирттер түзеді:




Бұл реакцияны сутек пен алдегид немесе кетон буы қоспасын ұнтақталған никель, платина немесе палладий арқылы өткізіп, сондай-ақ, сутекпен бөліну сәтінде әсер ету арқылы жүзеге асыруға болады.

**2) Қөгерктіш (цианды сутек) қышқылды қосып алу.** Сілтілердің сілемдері қатысында альдегидтер мен кетондар қөгерктіш қышқылды қосып алып, оксинитрилдер (циангидриндер) түзеді:




Сілті цианид-ионның концентрациясын арттырады, ол карбонильдік көміртекті шабуылдайды:




Бұл реакцияның маңыздылығы – оксинитрилдерден  $\alpha$ -оксиқышқылдар мен  $\alpha$ -амин қышқылдарын алуда болады.

3) Аммиакты қосып алу. Бұл көптеген альдегидтерге тән реация. Нәтижесінде кристалды қосылыстар – альдегидаммиактар түзіледі:




Кетондардың аммиакпен әрекеттесуі өте күрделі жүреді.


4) Натрий бисульфитімен әрекеттесу. Альдегидтер де, кетондар да су ертінділерінде натрий бисульфитін онай қосып алып, бисульфит туындыларын түзеді:



Бисульфит туындылар кристалды заттар, қышқылдық, сілтілік орталарда гидролизденіп, бастапқы карбонильді қосылыстарға айналады. Олардың осы касиеті альдегидтер мен кетондарды белу, тазалау үшін колданылады.

5) Спирттерді қосып алу. Сусыз, күшті қышқылдар қатысында альдегидтер спирттерді жәніл қосып алады:







сірке альдегидінің диметилацеталі  
(тольк ацеталь)

Кетондармен реакция қын және Льюис кышқылдары катысында жүреді.

**6) Магнийорганикалық қосылыстарды қосып алу.** Бұл реакциялардың маңыздылығы – альдегидтер мен кетондардан бастап біріншілік, екіншілік, үшіншілік спирттер алуға мүмкіндік береді. Мысалы, құмырсқа альдегидінен біріншілік спирттер алынады:



Басқа альдегидтерден екіншілік спирт алынады:




Кетондардан үшіншілік спирт алынады:




### Тотығу реакциялары

**1) Альдегидтердің тотығуы.** Альдегидтер өтс жсніл, тіпті ауаның оттегісімен де, құміс гидроксидінің амиактағы ерітіндес сияқты әлсіз тотықтырығыштармен де тотыгады. Тотықканда көміртск қанқасы дәл сондай карбон кышқылдары түзіледі.

a) ауаның оттегісімен тотығуы:



ә) күміс гидроксидінің аммиактағы ерітіндісімен тотығуы («күміс айна» реакциясы). Реакция жүргізгендегі ыдыстың қабырғасына күмістің қабаты түзіледі:




б) осылайша тотығу фелинг сүйиғымен және жаңа түсірілген мыс гидроксидімен де жүреді:




«Күміс айна» және соңғы реакция альдегидтерге сапалық реакция болып табылады.

2) Кетондардың тотығуы. Кетондардың тотығуы қын – күшті тотықтырғыштардың (мысалы, калий перманганаты) әсерімен жүреді. Кетондар тотыққанда кетон молекуласы карбонил тобының жаңынан ыдырап, көміртек атомының саны бастапқы кетонданаңдан аз қышқылдар (кетондар да болуы мүмкін) түзіледі. Тотығу өнімдері бойынша бастапқы кетонның құрылымын пайымдауга болады.

Симметриялы кетондардан екі қышқыл түзіледі:





Бейсимметриялы кетондардан 4 түрлі қышқыл түзіледі (Попов-Вагнер ережесі):




### Орын басу реакциялары

1) Карбонильдік оттекті орын басу реакциялары.



а) гидроксилиминмен (альдегидтерде, кетондар да) оксимдер береді:




ә) гидразинмен гидразондар береді:



б) фенилгидразинмен фенилгидразондар түзіледі:




б) семикарбазидпен семикарбазондар түзіледі:



Оксимдер, гидразондар, фенилгидразондар, семикарбазондар өздерінс тән балқу температуралары бар, кристалды заттар. Қышқылдардың судағы ерітінділерінде гидролизденіп, бастанқы қосылыстарды түзеді. Бұл реакциялар альдегидтер мен кетондарды басқа класс қосылыстарынан бөліп алу және идентификациялау үшін пайдаланылады.

**в) галогендерге орын басу.** Бес хлорлы немесе бес бромды фосформен эсер еткенде карбонильдік оттескі галоген атомына орын басады:





Нәтижесінде бір көміртек атомында екі галоген атомы бар (геминалды)

дигалогентүндилар түзіледі. Олар сумен гидролизденіп, бастанғы карбонильді қосылыстарды береді.


## 2) Карбонил тобынан $\alpha$ -орындағы сутек атомдарын орын басу реакциялары

а) Жоғарыда айтқанымыздай, карбонил тобының күшті полярлылығы көрші көміртек атомдарына да әсер етеді: бұл көміртек атомының электрон тығыздығы төмендеп, оң зарядының қөбеюі онымен байланысқан сутек атомының қозғалғыштығын арттырады. Бұл сутек атомдары галогендерге оңай орын басады:



Мұндай  $\alpha$ -галогенді карбонильді қосылыстар күшті **лакриматорлар** (lacrīma – көз жасы, латын), олардың буы мұрын мен көздің кілегей қабатын тітіркендіріп, көзден жас ағызады.

а) Сірке альдегиді немесе метилкетондардың галогенденуі. Реакция сілтілік оргата галогеннің артық мелшерімен жүреді. Бірінші сатыда  $\alpha$ -мтил тобы толық галогенденеді (галоген - хлор болса хлораль түзіледі). Бұл кезде C-C байланысы қатты полярланған және сілтінің әсерімен оңай үзіледі:



Бұл реакция галоформдар – хлороформ, бромоформ, йодоформ синтезінде қолданылады.


### Конденсациялану реакциялары

Альдегидтер мен кетондарда карбонил тобынан  $\alpha$ -орында тұрған сутек атомдары электрондық эффектілердің әсерінен ішінара оң зарядталады, сөйтіп протон түрінде бөлініп шыға алады. Альдегид немесе кетон бұл кезде карбанионга айналады. Осы себепті альдегидтер мен кетондар нуклеофильді қосылу механизмі бойынша жүрестін конденсациялану реакцияларына түсуге қабілетті.


1) Альдегидтер мен альдегидтердің конденсациясы. Реакция сұықта сілтілердің әлсіз ерітінділерінің әссірімен жүреді. Реакцияға альдегидтің бір

молекуласы карбонил тобымен (карбонильдік компонент), ал екінші молекуласы  $\alpha$ -сүтег атомымен (метилендік компонент) түседі.


**а) Альдоль конденсациясы.** Сілтінің әсерімен карбонильді қосылыстың молекуласы карбанионға айналады:



Түзілген карбанион альдегидтің басқа молекуласының карбонил тобына нуклеофильді қосылады:




Түзілген алкоголят-ион судан протонды қосып алып,  $\beta$ -оксиальдегид түседі:




Түзілген өнім **альдоль** (альдегид-алкоголь сөзінсін қысқартылған), ал реакция **альдоль конденсациясы** деп аталады.

Реакцияның жиынтық тәсілдеуі төмендегідей:




Альдегидте  $\alpha$ -сүтег атомы болмаса альдоль конденсациясы жүрмейді. Басқа альдегидтерде, мысалы, пропион альдегидіндес, реакцияға әрдайым  $\alpha$ -орындағы сүтег түседі:




Конденсациялану реакциясына әр түрлі альдегидтердің молекулалары да түседі. Мысалы, формальдегид басқа альдегидтермен сілтілік металдардың


карбонаттары катысында көп атомды альдегидспирттер тузе конденсацияланады:




ә) Кротон конденсациясы. Альдольдер онша түракты емес, қыздырғанда суды бөліп шығарып, қанықпаған альдегидке айналады:




Ароматты альдегидтер, мысалы бензой альдегиді, α-сүтек атомы болмағандықтан өзара конденсациялана алмайды, ал α-сүтек атомы бар алифатикалық альдегидтермен кротон конденсациясына түседі:




2) Альдегидтер мен кетондардың конденсациясы. Бұл реакцияда кетондар олардың карбонил тобының активтілігі альдегидтердікінен төмен болғандықтан метилендік компонент ретінде қатысады:




3) Кетондар мен кетондардың конденсациясы. Активтілігі жоғары кетондар (мысалы, ацетон) альдегидтер төрізді альдоль, кротон конденсацияларына түседі:






мезитил спирті  
(4-метилпентен-3-он-2)

**Полимерлену реакциялары.** Альдегидтер полимерленгенде карбонил тобының қос байланысы үзіліп, бір молекуланың оттек атомы екінші молекуланың карбонильдік коміртегісімен байланысады. Нәтижесінде сызықтық полимерлер немесе циклды қосылыстар түзіледі. Мысалы, формальдегидтің судагы ерітіндісін үзак сактағанда сызықтық полимер – параформ немесе полиоксиметиленнің ақ туибасы түзіледі;




мұнда  $n=10-50$

Қышқылдар қатысында ( $H_2SO_4$ ,  $HCl$ ) қыздырғанда формальдегид циклды тример – триоксиметилен, ацетальдегид циклды тример – паральдегид және тетramer – метальдегид түзеді:




### триоксиметилсн





паратекущий

**Каниццаро (Тищенко) реакциясы.**  $\alpha$ -сүтек атомы жоқ ароматты альдегидтер концентрлі сілтілердің эсерінен бір молекуласы төткіштеп, екіншісі төткіксyzданады:



Алифатикалық альдегидтер де алюминий этилаты қатысында осыған үқсас реакцияға түседі, ол Тищенко реакциясы деп аталады. Нәтижесінде курделі эфирилер түзіледі:






## 6. Маңызды өкілдері

**Күмірсек альдегиді (формальдегид)** – өткір иісті, газ. 40%-дық ерітінді (формалин) немесе қатты қосылыстар триоксан ( $\text{CH}_2\text{O}$ )<sub>3</sub> және параформ ( $\text{CH}_2\text{O}$ )<sub>n</sub> түрінде сактайтын.

Өнеркәсіпте метанолдың буын жоғары температурада мыс (куміс) катализаторының үстінен өткізу арқылы алады.

Құрамында көмірсутек радикалының болмауы формальдегидтің химиялық қасиеттеріне бірқатар ерекшеліктер береді. Басқа альдегидтер сілтілердің эсерінен конденсациялану реакциясына түссе, формальдегид Каницицаро реакциясына түседі (жоғарыда қарастырылған). Сонымен бірге, формальдегид аммиакпен циклды қосылыс – уротропин (гексаметилентетрамин) түседі (Бутлеров реакциясы, 1860):




Уротропин медицинада дәрілік зат ретінде қолданылады.

Формалин күшті дезинфекциялаушы зат ретінде, анатомиялық препараттарды сақтау үшін қолданылады.

Формальдегидті фенолмен және карбамидпен поликонденсациялау арқылы фенолформальдегид, карбамид шайырларын – бағалы материалдар пластмассалар алынады.

**Сірке альдегиді (ацетальдегид)** өзіне тән өткір иісі бар, жеңіл қайнайтын ( $t_k=21^\circ\text{C}$ ) сұйықтық.

Өнеркәсіпте, негізінен, Кучеров реакциясы бойынша алады. Сонымен қатар, этиленнен тікелей мыс-палладий катализаторы қатысында тотықтыру арқылы немесе этил спиртін алғып, оны дегидрлусу арқылы алады:



Ацетальдегид сірке қышқылын, этил спиртін, этилацетат (Тищенко конденсациясы), металльдегид («құрғак спирт»), паральдегид алу үшін қолданылады.

**Ацетон** өткір иісті сұйықтық, сумен барлық қатынаста араласады, өзі жақсы еріткіш.

Бұрын өнеркәсіпте ацетонды тек кальций ацетатын пиролиздеу арқылы алатын.




Қазіргі кезде басқа да әдістермен: сірке қышқылынан (буын MnO, Th катализаторлары арқылы өткізіп), изопропил спиртін дегидрлеу және пропиленді тікелей катализдік тотыктыру арқылы алғынады.

Ацетон - лактар, киноулдірлер, жасанды ацетат жібсінің, ацтиленнің ерткіші ретінде, тұтінсіз бытыра өндірісінде, хлороформ, йодоформ, полимерлер, т.б. көптеген органикалық синтезде қолданылады.

## 7. Қанықпаған альдегидтер мен кетондар


Қанықпаған альдегидтер мен кетондардың ішіндегі маңыздылары қосарланған немесе  $\alpha$ - $\beta$ -қанықпаған альдегидтер мен кетондар.

Жалпы алу жолы альдегидтер мен кетондардың кротон конденсациясы. Осы әдіспен келесі  $\alpha$ ,  $\beta$ -қанықпаған карбонильді қосылыстар алынған:




Егер C=C қос байланысы карбонил тобынан бір C-C жай байланыстан артық оқшауланған болса, әрбір топ өз алдына тәуелсіз қасиеттер көрсетеді.

$\alpha$ - $\beta$ -қанықпаған карбонильді қосылыстарда қосарланған қос байланыстар жүйесі пайда болады (1,3-дисендердегі сияқты):




Қосылу реакцияларында реакция шарттарына қарай мұндай жүйелер 1,2-, 3,4-, 1,4-орындармен қатысуы мүмкін, яғни реакцияға тек карбонил тобы, немесе тек C=C қос байланысы немесе скруї де түсі мүмкін.  $\alpha$ ,  $\beta$ -қос байланысы карбонил тобымен қосарланғандықтан активтілігі жоғары болады. Мысалдар қарастырайық.


1) **Гидрлеу.** Гидрлеуді тек катализатор қатысында ғана смес, бөліну сөтінде сутекпен де жүргізуге болады.  $\alpha$ ,  $\beta$ -қанықпаған альдегидтерді гидрлесгенде қанықкан альдегидтер және қанықпаған спирттер түзіледі. Реакцияның ақырғы өнімі қанықкан спирттер:



$\alpha$ ,  $\beta$ -қанықпаган кетондарды гидрлеу  $\text{C}=\text{C}$  қос байланысы бойынша жүреді:




2) Тотығу – карбонил тобы бойынша да,  $\text{C}=\text{C}$  қос байланысы бойынша да жүрүй мүмкін. Алайда, дымқыл күміс оксидінің эсерімен тек карбонил тобы тотығады:




3) Галогендеу. Галогендер  $\text{C}=\text{C}$  байланысына қосылады:



3) Галогенсутектер карбонил тобының эсерімен Марковников ережесіне қарама-қарсы қосылады:



4)  $\alpha$ ,  $\beta$ -Қанықпаган карбонильді қосылыстар Дильс-Альдер реакцияларында диенофил ретінде әрекеттеседі:



Сонымен қатар,  $\alpha$ ,  $\beta$ -қанықпаган карбонильді қосылыстар карбонил тобына тән бірқатар реакцияларға түседі – циангидриндер, оксимдер, гидразондар, т.б. түзеді.


Бұлардың маңызды өкілдерін қарастырайық. Акролеин – аса жағымсыз істі,

түссіз сұйықтық ( $t_k=52$  °C). Аты осы ісіне байланысты, «acete» – өткір, «oleum» – май, латын.


Өнеркәсіпте әр түрлі жолмен алады:

1) **Формальдегид пен ацетальдегидтің альдоль және кротон конденсациясы арқылы** (жоғарыда карастырылған).

2) **Пропиленді тікелей катализдік тотықтыру:**



3) **Глицеринді сутартқыш агенттермен дегидратациялау:**



Акролеин әр түрлі органикалық синтезде және кейбір мөлдір, қатты пластмассалар алу үшін қолданылады.

**Кротон альдегиді – өткір, жағымсыз істі сұйықтық,  $t_k=102$  °C.**

Сірке альдегидінің альдоль-кротон – конденсациясы арқылы алынады.


Кротон альдегиді тотығып кротон қышқылын түзеді, ол көнтеген полимерлер синтезінде қолданылады. Кротон альдегидін гидролеп, май альдегидін және бутил спиртін алады.

## 8. Ароматты альдегидтер мен кетондар


Ең қаралайым ароматты альдегид – **бензой альдегиді (бензальдегид)**

$\text{C}_6\text{H}_5-\text{C}(=\text{O})-\text{H}$ , табиғатта абындық құрамында кездеседі.

Өнеркәсіпте кесесі схема бойынша толуолдан алады:




Бензальдегидті алудың басқаша жолы – толуолдың буын жоғары температурада темір оксидтері катализаторы арқылы өткізу:





Бензой альдегиді химиялық қасиеттері бойынша алифатикалық альдегидтерге ете үқсас.

Ароматты альдегидтер үшін маңызды реакциялардың бірі – ароматты аминдермен **анилдер (шифф негіздері)** түзүй:



Ароматты кетондардың қаралайым өкілдері – **ацетофенон** (алифатикалық ароматты кетон) және **бензофенон** (таза ароматты кетон). Бұлар Фридель-Крафтс реакциясы бойынша алынады:





Ароматты кетондарға алифатикалық кетондардың барлық химиялық қасиеттері тән. Айырмашылығы – алифатикалық кетондардың активтілігі жоғары.


Ароматты альдегидтер мен кетондар бояулар синтезінде (бензальдегид) және хош иісті заттар алу үшін парфюмерияда қолданылады.

## 9. Хинондар


Орто- және пара-орындарда гидроксил топтары бар екі атомды фенолдар оңай тотығып, қосарланған байланыстар жүйесі бар циклды дикетондар – хинондар түзеді:




Нафтохинондар нафталинді тотықтырғанда (хром қоспасымен), одан да женілірек 1,2-, 1,4-, 1,6-диоксинафталиндерді тотықтырғанда түзіледі:



*n*-нафтохинон




*o*-нафтохинон




амфи-нафтохинон

Хинондарда ароматты қасист жоқ, олар циклды қосарланған жүйе ретінде қанықлаған қосылыстарға және кетондарға тән қасиеттер көрсетеді.


Хинондар өте реакцияға қабілсті заттар, олар тотықсыздынганда қайтадан скі атомды фенолдарға айналады. Хинондар көбінесе  $\alpha$ ,  $\beta$ -қанықлаған кетондар сияқты әр түрлі қосылыстарды – спирттер, аминдер, органикалық және минералды қышқылдарды қосып алады. Мысалы:




Хинон мономерлерді сақтағанда тұрақтандырғыш, бос радикалдық полимерленудің ингибиторы ретінде қолданылады. Ол бос радикалдармен женіл әрекеттесіп, полимер тізбегінің есуін тоқтатады:




*n*-Нафтохинон биологиялық маңызы зор қосылыштардың негізін құрайды. Мысалы, K витамині (антигеморрагиялық витамин, филлохинон), E витамині ( $\alpha$ -токоферол):




Тағы бір маңызды өкілі – **антрахинон**, ашық сары кристалды зат,  $t_g=286^{\circ}\text{C}$ . Оны енеркесінде антраценді тотықтырып алады:



Диен синтезі арқылы бутадисиң мен хиноннан алуга да болады:



Сондай-ақ, бензолды фталидімен конденсациялап алады:



Антрахинон бояғыш заттарды, ализарин синтездеуде қолданылады.

Ализарин бояуы (1,2-диоксиантрахинон) адамзатқа ежелден белгілі. Бұрын оны марена өсімдігінің тамырынан алған. Қазіргі кезде антрахиноннан синтездеу әдісі жолға қойылған -  $\beta$ -антрахинонсольфоқышқылға бір мезгілде сілті жәнс тотықтырышпен (аяу немесе натрий хлораты) әсер етеді:

